2. «Мектепке дейінгі ұйымдардағы күн тәртібінің тәрбие мен денсаулыққа әсері» баяндамасы бойынша бөбекжай-бақшада күн тәртібі сақталып, күннің алғашқы және екінші жартысында ұйымдастырылатын іс-әрекеттер кезегі сақталсын.

3. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» топ тәрбиеленушілерімен жас ерекшеліктеріне сәйкес рөлдік ойындарды ұйымдастыру жандандырылсын.

4.«Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекетінен төмен және ортаңғы деңгейдегі балалармен жеке даму жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылып, жандандырылсын.

5.«Бөбекжай-бақшаның температуралық режимі, топ балаларының бойымен салмағын өлшеу» медициналық-педагогикалық бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын.

6. «Ойын арқылы баланың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру», Физикалық ойынның психологиялық-педагогикалық негіздемесі және оның бала дамуындағы маңызы» тьақырыбындағы баяндама мен іскерлік ойын қанағаттанарлық деп табылсын.

**7.**Ақпараттық сессия: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрінің бұйрығымен 9 шілде 2021 жылғы №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларларын басшылыққа ала отырып жүргізілетін жұмыстар ережеге сәйкес ұйымдастырылсын.

**8.** Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушылары, логопед,музыка жетекшісі, педагог-психолог мамандары ұйымдастырған «Денсаулық сақтау технологиясы» бойынша көрме жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын және балалардың жас ерекшеліктері сақталсын.

9. 2025-2026 оқу жылында мерзімді аттестаттаудан өтетін педагогтар құжаттарын жинақтау жұмыстары жандандырылсын.

Төрайым: Р.О.Шамшиева

Хатшы: Н.А.Төленді

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**Педагогикалық кеңес**
**Хаттама №3**
**27 қаңтар 2026 жыл**

**Қатысқаны: 18**
**Қатыспағаны: -**

**Себепті: -1**
**Себепсіз:-**

**Тақырыбы:** «Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың өзіне, отбасына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру»
**Өткізу түрі:** : «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

Күн тәртібінде:

1.№2 педкеңес шешімінің орындалуы Меңгеруші Шамшиева Р.О
2. «Ұлттық құндылықтар бағыты бойынша іске асырылатын жұмыстың жаңа формалары» Меңгеруші Шамшиева Р.О
3.Талдау «Жас ерекшеліктеріне қарай дамытушы орталықтарының жабдықталуы» Әдіскер Ашыбаева С.К
4.Есеп беру «Ата-аналармен атқарылған жұмыстар, сауалнамалар нәтижесі» Педагог-психолог Сүлейменова С.О.
5.Педагогикалық идеялар қоры/ тәжірибе алмасу: «Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – «Әжелер мектебі». Тәрбиеші Мырзабаева В.А
6.«Ұлттық тәрбиеде-ұлылық бар» жаңылтпаштар жаттата отырып балалардың сөйлеу тілін дамыту Тәрбиешілер:Тыныпбек А.Б., Төлеңді Н.А.
7.Ақпараттық сессия: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.Меңгеруші Шамшиева Р.О.
8.Көрме: «Ұлттық ойындарды ұйымдастыру» Барлық тәрбиешілер мен педагогтар

**Тыңдалды:**
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші Р.О.Шамшиева сөз алып, 2025-2026 оқу жылының №2 педагогикалық кеңесінде қаралған бөбекжай-бақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы бойынша ұйымдастырылған шаралар өз дәрежесінде жүргізіліп жатқандығын және

қажетті құрал жабдықтармен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталып отырғанына тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі, «Жас ерекшеліктеріне қарай дамытушы орталықтарының жабдықталуы» бойынша әдіскер Агыбаева С.К сөз алып, «Құлыншақ», «Құлыншақ», «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балбөбек», «Гүлдер» топтарында заттық-дамытушы орталықтары жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталып, қажетті ойын құралдары мен көрнекі құралдармен толықтырылғанын айтып өтті. Алайда, «Құлыншақ», «Қарлығаш», «Гүлдер», «Балбөбек» топтарының табиғат орталықтарын бөлме гүлдерімен толықтыру керектігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, «Ата-аналармен атқарылған жұмыстар,сауалнамалар нәтижесінде» педагог-психолог С.О. Сулейменова ата-аналармен жүргізген, «Бала және ата-ана арасындағы сенім көпірі»:

- Ата-ана мен бала арасындағы сенім мен өзара түсіністі нығайту;

-Эмоциялық жақындық пен жылы қарым-қатынас орнатуға ықпал ету;

-Баламен тіл табысу, тыңдай білу және қолдау көрсету дағдыларын дамыту мақсатында ақпараттық ағарту жұмыстарын жүргізіп, ата-аналар сенім мен түсіністі нығайту жолдарын меңгерді; баламен тиімді қарым-қатынас орнату тәсілдерін үйренеді; балаға деген жылы сөз, сенім мен қолдау қажеттілігі туралы түсінігі тереңдейді;отбасында эмоционалды байланыс пен өзара сыйластықтың арту жолдарын ойын арқылы көрсетті.

«Жанұяда зорлық – зомбылық болмасын» тақырыбында атқарылған іс-шара барысында отбасындағы зорлық-зомбылықтың түрлері, оның бала психикасына әсері, алдын алу жолдары туралы ақпарат беру; -Балаға қауіпсіз, жылы орта қалыптастыру қажеттілігін атап өту.

Ата-аналармен жылы атмосфера орнатылып, тақырыпқа қызығушылық тудыру мақсатында қысқаша сұрақтар қойылды. қорқыныш, үрей, мазасыздық тұйықталу немесе агрессия,сөйлеу дағдыларының тежелуі,өзін-өзі бағалаудың төмендеуі,зейін, есте сақтау күшеюі немесе әлсіреуі қалыптасып бала дамуына кері әсер ететінін айтып өтті.

Ата-аналар бұл жағдайлардың бала болашағына ұзақмерзімді кері әсер ететінін түсінді

Күн тәртібіндегі келесі мәселе, педагогикалық идеялар қоры, тәжірибе алмасу; «Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – «Әжелер мектебі» бойынша «Гүлдер» мектепалды тобы тәрбиешісі В.А Мырзабаева сөз алып , мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтарға баулуда, отбасының ынтымақтастығы басты назарда болуы керектігін және «Әжелер мектебі» іс шарасының орны ерекше екендігін презентация арқылы көрсетті. Презентация бойынша : «Әжемнің ертегілері», «Тыйым сөздер-тәрбие көзі», «Түрлі-түсті шүберектерден құрақ құрау», «Текемет басу», «Жүнмен сурет салу», «Кестелеу әдістері» бағытында жұмыстарды педагог қызметкерлермен ұйымдастырып, тәжірибесімен бөлісті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе, «Ұлттық тәрбиеле ұлының бала» жаныттпаштар жағдайда отырып балалардың сөйлеу тілін дамыту» тақырыбында «Айгөлек» ересек тобы тәрбиешісі Н.А. Төленді және

«Құлыншақ» ортаңғы тобы тәрбиешісі А.Б.Ұлықбек мектеп жасына дейінгі
балалардың кіші жастан бастап сөйлеу тілінің дамуына жаңылтпаштарды
қолдану, балалардың дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздік қорын молайтуға,
ұлттық тәрбие арқылы шапшаңдыққа баулып, қызығушылығын
арттыратынына тоқталды. Сонымен қатар, «Кімнің қойы көп?» ойынында
қатысушыларды екі топқа бөліп, шахмат әдісімен асықтармен жүре отырып,
берілген жаңылтпаштарды жарыса әрі қатесіз айту тапсырмасын орындады. Әр
дұрыс айтылған жаңылтпашқа «Бір қойдың» суретін қой қораға қосу арқылы,
әр командада жиналған қойларын жаңылтпаш айта отырып, тура және кері санау
арқылы тең немесе аз, көп екенін ажырата алды.
«Тереңдеу» ойынына қатысушы командa екіге бөлініп мнемокесте арқылы
көрсетілген фотоларды қарау арқылы, жаңылтпаштарды шапшаң әрі дұрыс
тауып айтқан командаға жеңуіне қарай асықтармен бағалап, соңында асық
санына қарай командалар ұтайын шығарды.
Қорытындылай келе, ұлттық ойындармен жаңылтпаштарды қолдана отырып
мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс және анық сөйлеу дағдыларының
қалыптасуына жаңылтпаштардың ықпалы зор екендігіне тоқталды.
Күн тәртібіндегі келесі, ақпараттық сессия: Қазақстан Республикасында
мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023
– 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы
бойынша меңгерушісі Р.О. Шамилева сөз алып, тұжырымдамада мектепке
дейінгі ұйымның мақсаты, бағыты, қажеттіліктері айқын көрсетілгенін айтып
өтті. Сонымен қатар, ата-аналардың әртүрлі себептермен баласын мектепке
дейінгі ұйымға бергісі келмейтін фактісін де ескере отырып (денсаулық
жағдайы, отбасында тәрбиелеуді дұрыс деп санау және басқалар) бөбекжай-
бақшада ата-аналарға арналған консультативтік пункт қызметі
ұйымдастырылып отырғанын. Үй жағдайында балаларға үйде саналы күтім
жасауды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін ата-аналарды оқыту
жұмыстарын күшейту және балаларын мектепке дейінгі ұйымдарға бермейтін
ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілу
жатқандығына тоқталды. Сонымен қатар біріншi кезектегі міндет – ата-
аналарды мектепке дейінгі ұйымда балаларын тәрбиелеу мен оқытуға тарту,
олардың балалармен жұмыс жасау жоспарын құруға және іс-шараларға
тікелей қатысуын ұйымдастыру баршамыздың алға қойған міндетіміз екенін
айтып өтті.
Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация орталығымен
қорғалдысы бойынша зақымдалған сөйлеу тілінің түзеуді алынатыған
балалармен жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп отырғанын айтып өтті. Сонымен
қатар, балаларды психология-педагогикалық қолдауды толық қамтамасыз ету
үшін договор , педагог-психолог жоспарға сәйкес жұмыс ұйымдастырылып
жатқандығын айтып өтті.
2021 жылы білім мазмұнын жаңғыртудың кезеңінде Мектепке дейінгі тәрбие
беру мен оқытуды дамыту моделі қабылданды. Модель ғылыми деректер
негізінде балаларды дамыту мен оқытуға қойылатын өлшемді талаптарға

сәйкес МТО-ны трансформациялау, оның сапасын арттыру үшін қажетті өзгерістердің бағытгасын айқындайдап, проблемалардың шешудің кешенді тәсілдерін қамтитынын:

- заттық-дамытушы орталықтарда қолжетімділікті кеңейту арқылы ерте жастан бастап балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау;
- көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру;
- инфрақұрылымды жақсарту.

Модельді іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда қолайлы қауіпсіз жайлы жағдайлар қамтамасыз етіледі. бағдарламалық мазмұн жаңартылды, тәрбие мен оқыту процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету жүзеге асырылды., 2022 жылы Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (бұдан әрі – МЖС). Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары бекітілді, бұл құжаттарда мектепке дейінгі ұйымдар түлектерінің дағдылары мен құзыреттері, мектепке дейінгі ұйымның педагогіне қойылатын талаптар қамтылғандығын және осы аталған құжаттарды басшылыққа алып ұйымдастырылып жатқандығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі . «Ұлттық ойындарды ұйымдастыру» тақырыбындағы көрмеге топ тәрбиешілері мен педагогтары балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес «Өнілы өлке», «Орнын тап», «Төрт түліктің өнімі», «Асық ату», «Шертпек» т.б ойындарды ұсынды.

**Шешім:**

1.№2 педкеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. «Ұлттық құндылықтар бағыты бойынша іске асырылатын жұмыстың жаңа формалары» балалардың жас ерекшеліктеріне және эстетикалық талаптарға сай ұйымдастырылсын.
3.«Жас ерекшеліктеріне қарай дамытушы орталықтарының жабдықталуы» әр топ бойынша жаңалаңдырылып, айтылған ұсыныстар басты назарға ұсталсын.
4. «Ата-аналармен атқарылған жұмыстар, сауалнамалар нәтижесі» қанағаттанарлық деп табылсын. ата-аналар мен бөбекжай-бақшаның ынтымағы мен бірлігін арттырар тренингтер жұмысы арттырылсын.
5.Педагогикалық идеялар қоры: тәжірибе алмасу: «Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – «Әжелер мектебі» қанағаттанарлық деп табылып, барлық топта «Әжелер мектебі» жұмысы жандандырылып, отбасымен бірлесксен шаралар әлеуметтік желіге жүктелсін.
6.«Ұлттық тәрбиеде-ұлттық бар» жаңылтпаштар жаттата отырып балалардың сөйлеу тілін дамыту барысында жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңылтпаштарды қолдану аясы кеңейсін.
7.Ақпараттық сессия: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 каулысы және 2022 жылы Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (бұдан әрі – МЖС), Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары бекітілді, бұл құжаттарда мектепке дейінгі ұйымдар түлектерінің дағдылары мен құзыреттері, мектепке дейінгі ұйымның педагогіне қойылатын талаптарды орындауда аталған құжаттарды басшылыкка алынсын.

Төрайым: Р.О.Шамшиева

Хатшы: Н.А.Төленді

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**
**Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ**
**«БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК**

***Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасының көшірмесі***

Құлан ауылы 02.03.2026 жыл

*Қатысқаны: 19*

***Күн тәртібінде:***

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай-бақшасын аттестаттау туралы

**Тыңдалды:** *2026 жылдың маусым айында бөбекжай-бақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігі туралы*

***Сөз алды:*** *Бөбекжай-бақша меңгерушісі Р.О.Шимикова*

*Меңгеруші өз сөзінде 2026 жылдың маусым айында бөбекжай-бақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігін хабарлады.*

*Ұжымды 2026 жылдың 02 наурыз айындағы бөбекжай-бақшаның өндірістік бұйрығымен таныстырды. Бөбекжай-бақшада өзін-өзі бағалау жоспары жасалып, мерзімі белгіленді. Осы бағытта комиссия мүшелері құрылды. Комиссия құрамына тәрбиешілер мен психолог, әдіскер қамтылды.*

*Бөбекжай бақшаның меңгерушісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бап 4.1 тармақтарына тоқталды. Жауапты комиссия мүшелеріне тапсырмалар беріліп, өзін өзі бағалау құжаттарын 4 мамырға дейін тапсыру керек екендігін ескертті.*

***Шешімі:***

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Жамбыл облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2026 жылдың мамыр айына дейін «Балапан» бөбекжай-бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өтуге құжаттары жинақталсын.

1.1.Мемлекеттік аттестаттау кезінде *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486* бұйрығымен бекітілген өлшемшарт негізге алынсын.

1.2.2026 жылдың 04 мамырға дейін өзін – өзі бағалау құжаттары Интернет-ресурстарында орналастырылсын:

- Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;
- Кадрлық құрамға талдау;
- Тәрбиеленушілердің контингенті;
- Оқу әдістемелік жұмыс;
- Оқу-материалдық активтер;
- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры;
- Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалауы;

-Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

1.3.Өзін – өзі бағалау құжаттары 04.05.2026 жылға дейін дайындалсын.

1.4.Балабақшаның Өзін – өзі бағалау құжаттары 2026 жылдың 30 сәуірде педагогикалық кеңесте қаралсын.

Комиссия төрағасы: Р.О.Шамиева - меңгеруші

Комиссия мүшелері: С.Т.Агыбаева– әдіскер;

С.О.Сулейменова - педагог-психолог;

М.С.Қанатова– тәрбиеші;

В.А.Мырзабаева - тәрбиеші;

Хатшы: Н.А.Төленді – тәрбиеші.

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**Педагогикалық кеңес**
**Хаттама №4**
**31 наурыз 2026 жыл**

**Қатысқаны: 18** **Себепті: -1**
**Қатыспағаны: -** **Себепсіз:-**

**Тақырыбы:** ««Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында асық ойындардың қызметі»

Күн тәртібінде:

№3 педкеңес шешімінің орындалуы Меңгеруші Шамшиева Р.О.

1.«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» баяндама Әдіскер Агыбаева С.К.

2.Талдау:«Шығармашылық дағдылар мен зерттеу іс-әрекеттерін дамыту» Әдіскер
Агыбаева С.К.

3. Педагогикалық идеялар қоры/ тәжірибе алмасу:

3.1.«Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында асық ойындардың қызметі» Тәрбиеші Канатова М.С

3.2.«Баланың жан-жақты дамуына сенсорика мен ұсақ моториканың әсері» Тәрбиеші Раева А.М

4.«МДҰ педагогтерінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіру» Әдіскер Агыбаева С.К.

5. Ақпараттық сессия:
Қазақстан Республикасының «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңы меңгеруші Шамшиева Р.О.

6. Логикалық ойындар көрмесі «Ойнаймыз да, ойлаймыз» (жас ерекшелігіне сай). Барлық педагогтар

**Тыңдалды:**

№3 педкеңес шешімінің орындалуы Меңгеруші Шамшиева Р.О. «Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың өзіне, отбасына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру» бойынша ата-анаға құрмет, қонақжайлылық, туған жерге сүйіспеншілік, адалдық, еңбекқорлық, ынтымақ Жанжалдамзаттық асыл қасиеттерді мектеп жасына дейінгі балаларға әр іс-шаралар мен күнделікті іс-әрекет барысында ұйымдастырылып отырғанына тоқталды.Сонымен қатар бата беру, ас қайыру мен салт дәстүрлер де қамтылып отырғанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі, «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» баяндама әдіскер Ағыбаева С.К сөз алып,мектеп жасына дейінгі балалармен іс-әрекетті ұйымдастыруда пәндік-дамытушылық ортаның болуы маңызды екендігін айтып өтті. Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда (МДҰ) балалардың танымдық-зияткерлік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы орталықтар эстетикалық безендірілуі, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарына жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек екендігін,орталықтар логикалық ойлау, есте сақтау, зейін, кеңістіктік көріністерді дамытуға бағытталған дидактикалық және демонстрациялық материалдармен жабдықталуы: Баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу; Эмоционалды жағымды атмосфера; Ойынның рөлі; Инновациялық технологияларды қолдану тәсілдері мен әдістері;Дидактикалық ойындар;Зейін мен ойлауды жаттықтыру; Проблемалық жағдаяттарды құру;Педагогтың креативтілігі; Ата-аналармен ынтымақтастық орнату:

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жүйелі жұмыс қажет. Бұл жұмыс пәндік-дамытушылық ортаны құрудан, баланың жеке ерекшеліктерін ескеруден, эмоционалды жағымды атмосфераны қалыптастырудан, инновациялық технологияларды қолданудан және дидактикалық ойындарды тиімді пайдаланудан тұрады. Педагогтің креативтілігі мен ата-аналармен ынтымақтастық даму процесін күшейтеді деп айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе. «Шығармашылық дағдылар мен зерттеу іс-әрекеттерін дамыту» бойынша әдіскер Ағыбаева С.К., «Құлыншақ», «Құлыншақ», «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балбөбек», «Гүлдер» топтарында балалардың жас ерекшелігіне қарай шығармашылық әрекетке арналған материалдар мен құралдар: қарындаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стакандары; бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім: фигуралы үлкен трафареттер; боямактар; жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч; Зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар мен балаларға арналған мольберт; матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар: тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, губкалар, щеткалар);дидактикалық ойындар; дыбыстық музыкалық аспаптар, әртүрлі сылдырмақтар, музыкалық ойыншықтар, қоңырауларымен жабдықталған.

Топ бөлмесіндегі «Шығармашылық» орталықты құру барысында балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту, өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. қоршаған әлемді эмоционалды тану, 4 жастағы балалардың өзіндік шығармашылық іс – әрекеті үшін қажетті материалдар, құралдармен

жабдықталды. Балалар «Шығармашылық» орталықта күнде ойын түрінде сурет салады, мүсіндейді, жапсырады және әртүрлі табиғи материалдардан түрлі коллаждар жасап әңгімелейді, сондай-ақ көңілді музыка тыңдап, ұлттық аспаптардың атауларын атай алады. Ал, бөбекжай-бақша музыка залында «Ғажайып дамытушы бұрыштар» ұйымдастырылды. «Қазақтың ұлттық аспаптары» бұрышында балалар қазақтың ұлттық аспаптары дыбыс ерекшелігіне қарай ішекті-шертпелі, үрмелі, ұрмалы деп бөлінетінін түрлі ойындар арқылы әуендерді тыңдай алады. Атауын дұрыс атай алады.

«Ғажайып пішіндер қалашығы» бұрышында балалар өздерінің шығармашылық қиялдарымен кеңістікті бағдарлай отырып, қабырғаға іліпген бизибордтарда, арнайы тақтайшалардағы декоративті шегелерге түрлі-түсті резеңкелерден әртүрлі бейнелерді құрастырып жасайды, ұсақ қол моторикасы дамиды. Барлық топтардағы мольбертте әр түрлі көлемдегі сурет салуға дағдыланады.

«Театр» бұрышында балалар ертегі кейіпкерлерінің маскаларын киіп, қуыршақ, саусақ, үстел үсті, көлеңке және басқа түрлі театрлар арқылы сахналайды. Балалардың байланыстырып еркін сөйлеуі, қарым - қатынасқа еркін түсуі, өзіне деген сенімділігі арта түседі, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Топтағы, дәліздегі «Шығармашылық» орталықта балалардың әрекетіне тәрбиеші үнемі бақылау жүргізіп отырады. Ең бастысы балалардың қауіпсіздікті сақтауына көп көңіл бөлінеді. Қайшыны дұрыс ұстай білуге желімнің қақпағы ашық болса кеуіп қалуы мүмкін, сондықтан қақпағын жауып орнына қоя білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу дағдысы қалыптасады

Ұсыныс: халықтық-қолданбалы өнер үлгілері бар альбомдар, танымал суретшілердің иллюстрацияларын жинақтау.

Сөйледі:

Тәрбиеші Г.Мусабекова , мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығын арттыруда зерттеу , шығармашылыққа баули отырып еңбекке ерте жастан баулу қазіргі заманауи сұраныс екендігін, ойнай отырып тәжірибе жинақтаудың таптырмас құралы екендігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі, педагогикалық идеялар қоры/ тәжірибе алмасу барысында «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында асық ойындарының қызметі» тақырыбында тәрбиеші Канатова М.С. мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, танымдық,және әлеуметтік дамуына және ұлттық құндылықтарға негізделген асық ойындарына тоқталды. Соның ішінде: дене дамуының саусақ, қол-аяқ, көз мөлшерлерділікті қалыптастыру;

Танымдық даму: санап үйрену, логикалық ойлау,ережені есте сақтауы дамиды;

Әлеуметтік даму: командамен ойнау, жеңіске жету мен жеңілісті қабылдауды үйрену, бір-біріне қолдау көрсету, көмек көрсету;

Тәрбиелік мәні: ұлттық салт-дәстүр, төзімділік пен сабырлылықты қалыптастыру; адалдыққа тәрбиелеу бағыттарына тоқталды.

Сонымен қатар: «Асық ату», «Ханталапай», «Түстер бойынша сұрыпта», «Сан санамақ», «Асық түсіне қарай кейіпкерді тап» ойындарын көрсетті.

Күн тәртібіндегі, «Баланың жан-жақты дамуына сенсорика мен ұсақ моториканың әсері» тақырыбында тәрбиеші Раева А.М сенсорика мен ұсақ моториканың маңызы.

Мидың дамуы: Ұсақ моторика мен тілдің дамуы тығыз байланысты, саусақтардың қимылы ми қыртысындағы сөйлеу орталығын ынталандырады.

Танымдық қабілеттер: Сенсорлық даму (түс, пішін, дыбыс, дәм) арқылы баланың ақыл-ойы мен қабылдауы қалыптасады.

Тілдік дағдылар: Саусақ ойындары мен қол еңбегі сөйлеуге деген ынтаны арттырып, сөздік қорын дамытады.

Шығармашылық: Заттармен жұмыс істеу (мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) қиял мен епттілікті арттырады.

Дамыту жолдары:

Саусақ ойындары: Ертегілер мен тақпақтар айтып, саусақтарды қимылдату.

Ұсақ бөлшектермен жұмыс: Мусса, құм, моншақтар, бұршақтармен ойнау (ересектердің бақылауымен).

Шығармашылық: Ертегі, мүсіндеу, сурет салу, аппликация.

Сенсорлық жаттығулар: Түрлі текстуралы заттарды ұстап көру.

Нәтиже: Сенсорика мен моторикасы жақсы дамыған баланың сөйлеуі анық, ойлау қабілеті жүйрік, шығармашылыққа бейім және мектепке психологиялық тұрғыдан дайын болады деп келе: «Секірмелі қапшық»,«Түстерді сұрыптау», «Құрғақ бассейн», «Қызықты кір қыстырғыштар» т.б ойындарын көрсетті.

Күн тәртібіндегі «МДҰ педагогтерінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіру» тақырыбында әдіскер Агыбаева С.К. тоқталып, "Өлең жазамыз", "Менің шығармашыл педагогке деген көзқарасым"жаттығулары мен "Музыкалық минут" тапсырмасын ұйымдастырып. "Тілектер" ойынымен қортындылады.

Күн тәртібіндегі ақпараттық сессия барысында меңгеруші Р.О.Шамшиева Қазақстан Республикасының «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңы туралы хабарламамен таныстырып өтті.

Педагогикалық кеңес соңында пән жетекшілері мен тәрбиешілер әр жас топ балаларының жас ерекшелігіне сай «Ойнаймыз да, ойлаймыз» логикалық ойындар көрмесін ұйымдастырып, тәжірибе алмасты.

**Шешім:**

№3 педкеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын

1.«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру жаңдандырылсын.

2.«Шығармашылық дағдылар мен зерттеу іс-әрекеттерін дамыту» бойынша талдау қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Педагогикалық идеялар қоры/ тәжірибе алмасу барысында қолданылған асық ойындары мен ұсақ моторикаsuccessfully жетілдіруге арналған ойында балалардың жас ерекшеліне сәйкес ұйымдастырылсын.
4.МДҰ педагогтерінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіру бағытында біліктілік арттыру курстарына әр үш жыл сайын мерзімінен білімн жетілдірілсін.
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Заңы басшылыққа алынсын.
6. Логикалық ойындар көрмесі «Ойнаймыз да, ойлаймыз» балалардың жас ерекшелігіне сай және қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ұйымдастырылсын.

**Төрайым:** **Р.О.Шамшиева**

**Хатшы:** **Н.А.Төленді**

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

**Педагогикалық кеңес**
**Хаттама №5**
**25 мамыр 2026 жыл**

**Қатысқаны: 18** — **Себепті: -1**
**Қатыспағаны: -** — **Себепсіз:-**

**Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі».**

Күн тәртібінде:

№4 педкенес шешімінің орындалуы Меңгеруші Шамшиева Р.О.

1. «2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы» Әдіскер С.К.Агыбаева , психолог С.О.Сулейменова , логопед Г.Жумабекова
2. «Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар».
3. «Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар».

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі2025 2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы бойынша әдіскер С.К.Агыбаева оқу жылы бойынша жүргізілген тәрбие-білім беру процесінің қорытындысын ұсынды. Оқу жылы аясында ішінде өткізілгенбір қатар іс-шараларға тоқталып өтті: аудандық білім бөлімі № 269-Ө бұйрығы негізімен «Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі әдіс-тәсілдері» атты аудандық семинарға және бөбекжай-бақшаның тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жоспары бойынша өткізілген мерекелік іс-шаралар,әдістемелік жұмыстарға тоқталды. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық мәдениетке баулу, құқықтық және қаржылық сауаттылық қалыптастыру, ата-аналармен бірлесе атқарылған тренингтер , ойын – сауықтар барысында,ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

2025-2026 оқу жылының бастапқы,аралық және қорытынды мониторингі бойынша жалпы саны 150 бала,оның ішінде жоғары деңгейде 72 бала-48%; орташа деңгейде 65 бала-43%; төменгі деңгейде 13 бала-9% , жалпы ортақ көрсеткіш 141 бала-91% құрайтынына тоқталды.

2025-2026 оқу жылында жалпы 19 педагог оның ішінде, 2 санатты басшы-1, педагог-зерттеуші-0, педагог-сарапшы-3, педагог-модератор- 12, санаты жоқ педагогтар- 3 педагог қызмет атқарды

Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы "Бастауыш мектептермен сабақтастықты және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамсыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту" тақырыбында меңгеруші Р.О.Шамшиева , тәрбиешілер Егембердиева А.Д, Канатова М.С., Амантжолова Ж.Б біліктілік арттыру курсында білімін жетілдірді.
2025-2026 оқу жылында ЖШС "DARYN USTAZ" педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру орталығы "Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялары мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы" тақырыбында барлық педагогтар онлайн форматта біліктіліктерін арттырды

Педагог-психолог С.О.Сулейменова балалардың даму деңгейі бойынша жүргізілген диагностика нәтижелерінің ойлау қабілетін дамыту , қабылдау қабілетін дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту, зейінін дамыту,қиялын дамыту бағыттары бойынша психологиялық қолдау көрсету жұмыстарының нәтижесі (мониторинг)балдық бағалау (0-мақсаттарға қол жеткізілмеді, 1-мақсаттарға ішінара қол жеткізілді (25%), 2- мақсаттарға толық қол жеткізілмеді (50%),3 -мақсаттарға қол жеткізілді (100%) диаграмма бойынша көрсетіп өтті.

Логопед Г.Б.Жұмабекова 2025–2026 оқу жылы бойынша логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері балдық бағалау негізінде қорытындыланды. Бағалау барысында балалардың бағдарламада белгіленген мақсаттарға қол жеткізу деңгейі, дыбыстарды дұрыс айту мүмкіндігі, фонематикалық қабылдауының дамуы, сөздік қорының кеңеюі, байланыстырып сөйлеу дағдылары және ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу белсенділігі талданды.

Кесте деректеріне сәйкес, қорытынды мониторингте түзете-дамыту жұмыстарына қамтылған 15 баланың нәтижелері қарастырылды. Бағалау нәтижесінде мақсаттарға қол жеткізілмеген 0–25% және мақсаттарға ішінара қол жеткізілген 26–50% жағдайлар тіркелген жоқ. 3 балада, яғни 20%-ында, қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейі 51–75% аралығында бағаланды. 12 балада, яғни 80%-ында, логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейі 76–100% аралығында анықталды.

Бұзылыс түрлері бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде:
-жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 2-деңгейі бар 4 баланың 3-еуінде жоспарланған мақсаттарға қол жеткізілді, ал 1 балада сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі сақталды;
-жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 3-деңгейі бар 3 баланың барлығында қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілді;
-сөйлеу тілінің тежелуі бар 2 баланың 1-еуінде оң нәтиже байқалып, қойылған мақсаттарға қол жеткізілді, ал 1 бала бойынша түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі анықталды;
-дислалиясы бар 2 баланың екеуінде де дыбыстарды қою және автоматтандыру бойынша жоспарланған мақсаттарға қол жеткізілді.

– сөйлеуінде қиындықтары бар және ППКК шешімімен тізімге алынған.
1 балада түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде қойылған мақсаттарға толық қол жеткізілді.
Жалпы алғанда, логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде балалардың дыбыс айтуында, фонематикалық қабылдауында, сөздік қорында, байланыстырып сөйлеуінде және коммуникативтік дағдыларында оң динамика байқалды. Сонымен қатар кейбір балалармен сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын келесі оқу жылында да жүйелі түрде жалғастыру қажеттілігі анықталды.
Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты
Қыркүйек айында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың ата-аналарымен әңгіме жүргізіліп, бала туралы бастапқы мәліметтер жинақталды. Ата-аналарға логопедиялық тексерудің мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беріліп, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түзетудің негізгі бағыттары жөнінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар үй жағдайында баланың сөйлеу белсенділігін қолдау, дұрыс сөйлеу ортасын қалыптастыру және артикуляциялық жаттығуларды орындау жолдары түсіндірілді
Ұсыныстар:
– Жыл ішінде орындалған жұмыстарды жинақтап, тәжірибелік-әдістемелік қор құрастырылсын;
– Балалардың жеке жетістіктерін,алғыс хаттар мен дипломдарын көрсететін портфолио жасалсын;
- Психологиялық қолдау көрсету шаралары жандандырылсын.
- сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

Күн тәртібіндегі «Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар» бойынша әдіскер С.Атыбаева мен әдістемелік кеңес мүшелері сөз алып, 2025-2026 оқу жылында педагогтер мен тәрбиеленушілер аудандық «Қазақшаң қалай балакай?», «Өнеріміз саған –Қазақстан», «Менің Қазақстаным» атты сурет байқауы, «Менің әкем –полиция қызметкері», сурет көрмесі,«Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет», «Шебер әке,өнерлі ана,еңбекқор бала» атты байқауларға қатысып жүлделі орындармен марапатталғанын айтып жетістікерге тоқталып өтті.
Тыңдалды:
– Әдістемелік кеңес мүшелері жылдық жұмысты талдап, жетістіктер мен олқылықтарды атап өтті.
– Тәрбиешілердің кәсіби өсуі, инновациялық әдістерді енгізуі оң нәтиже бергені айтылды.
– Кейбір бағыттарда ата-анамен жұмысты күшейту, әдістемелік жұмысты жүйелеу қажеттілігі көрсетілді.
Ұсыныстар:
- Келесі жылы ата-аналармен серіктестікті арттыруға ерекше көңіл бөлінсін;
- Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстары күшейтілсін;

– Жаңа оқу жылында тәрбиешілердің кәсіби дамуына арналған семинар-тренингтер жиі өткізілсін.
– Педагогтар арасында үздіктерді марапаттау дәстүрге айналсын және облысы, республика көлемінде ұйымдастырылатын байқаулар мен іс-шараларға қатысуды ұйымдастыру ұсынылды.

Күн тәртібіндегі «Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар» мәселелері бойынша меңгеруші Р.О.Шамшиева сөз алып:
– Жаңа оқу жылының стратегиялық бағыттары таныстырылды.
– Материалдық-техникалық базаны нығайту, оқу-әдістемелік қорды толықтыру жұмыстары аталды.
– Балалармен тәрбиелік-білімдік жұмыстың басым бағыттары анықталды.

**Ұсыныстар:**
– Жаңа оқу жылына дайындық жоспары жасалсын;
– Педагогтар жазғы демалыс кезеңінде әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасасын;
– Топ бөлмелерінде дамытушы орталықтар жаңартылсын.

**Шешім:**
1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс қорытындысы бекітілсін.
2. Жетістіктерді арттыру, кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты іс-шаралар жоспары құрылсын.
3. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары уақытылы және жүйелі түрде жүргізілсін.

**Төрайым:** **Р.О.Шамшиева**

**Хатшы:** **Н.А.Төленді**